«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
«Шаңырақ» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Біртұтас тәрбие бағдарламасы

# «Мен- елімнің патриотымын!»

*Өткізген:*
*Тәрбиеші Горяева А.М.*

**Хромтау ауданы, желтоқсан айы-2024 жыл**

Тақырыбы: **«Мен елімнің  патриотымын!»**

**Оқу қызметінің мақсаты:**

Балаларды Отанды сүюге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу. Сөйлеу мәнерін қалыптастырып, қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге дағдыландыру.

Көрнекіліктер:

Президент портреті, Қазақстан Республикасының туы елтаңбасы, әнұраны.Тәуелсіздікке байланысты слаидтар,ойынға қажетті дидактикалық материалдар.

Әдіс-тәсілдері: Слайд,түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап,ойын.

**Оқу қызметтің барысы:**

Қолдарына ту, ұстаған балалар.

**Әнұран орындалады.**

**Тәрбиеші**: Балалар, біздің бүгінгі оқу қызметіміз ерекше болады. Себебі бүгін бізде үлкен мереке.Еліміздің тәуелсіздік алғанымызға   33 жыл толып отыр.Ендеше бүгінгі күнімізді Отанымызға арнаймыз.Алдыменен жылулық шеңберімізге тұрып,таңғы жиынымызды айтайық

**Балалар:** Көк аспанда күн күлсін

Бірге күлсін бүлдіршін

Ұл қолында ту жүрсін

Қыз қолында гүл жүрсін.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар,орындарыңа отырыңыздар.

-Балалар,қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Қыс мезгілі.

Тәрбиеші: Дұрыс, қыс мезгілі. Қыс айларын атайық.

**Балалар:** Желтоқсан, қаңтар, ақпан.Орыс тілінде айтып жіберейік. Қыс бізде 3 ай қонақта болады.

**Тәрбиеші:** Ал ендеше бүгінгі оқу қызметімізді сұрақ-жауаптан бастайық.

Кім айтады біздің еліміз қалай аталады?Біз қай елде өмір сүріп жатырмыз?

**Балалар:** Қазақстан елінде өмір сүріп жатырмыз.

**Тәрбиеші**: Дұрыс айтасыздар. Біз өз алдына бөлек Қазақстан деген тәуелсіз,егеменді елде өмір сүріп жатырмыз

**Тәрбиеші**: Жарайсыңдар балалар сендер, білесіңдер ме,біздің президентіміз кім?

**Балалар**: Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев !

**Тәрбиеші:** Дұрыс айтасыңдар. Біздің Президентіміз, 1991 жылы 1 желтоқсанда сайланды

**Тәрбиеші**: Қазір елімізді кім басқарады? --Президент

**Тәрбиеші:** Дұрыс! Еліміздің Астанасы қай қала?

**Балалар :** Астана қаласында не бар?

**Балалар**: Астана қаласында Бәйтерек бар!

**Тәрбиеші:** Дұрыс! Бәйтерек бар, ол біздің елдің символы.Біз Астана қаласымен мақтана аламыз.Тәуелсіз елде тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз.Әрине ол Тәуелсіздігіміздің арқасында.

-Балалар еліміздің рәміздерін есімізге түсіріп жіберейікші

**Балалар:** Ту,Елтаңба,Әнұран

**Тәрбиеші:**Мінекей балалар,бұл біздің рәміздеріміз.Отан туралы кім тақпақ айтады?

**Әзиз.** Бабамның арманы, Осы ғой аңсаған,
**Тәуелсіздік** тандары
Бақ береді баршаға

**Айша**- Көк туымды қолыма
Бүгін берік ұстадым

Түсті бақыт жолыма
Менің Қазақстаным!

**Жібек --**Елім деп соғад(ы жүрегім,
Жерім деп соғад(ы жүрегім.

**Абдрахман-** Қазақ елім, Отаным!
Өзіңсің менің мақтаным!    **Тогжан** -Отан деген- атамекен.
Отанымды сүйемін мен.
**Аягоз-**. Отан жерім,Отан елім
Міне,менің Қазақ жерім.
**Айбибі.** Тәуелсіздік таңы атты,
Барлық әлем жаңарды.

**Абдулла.**

Кең жазық Отан мекенім,
Сен де өсіп көктедім!    **Қайсар**. Елім – туған Отан,
Мен – кішкентай ботаң,

**Эмиль.** Отан менің анам,
Отан менің атам!

**Данияр**. Отаным менің Қазақстан
Атыңнан сенің айналам

**Ислам**. Бас иіп саған өтемін
Жасай бер жаса Қазақстан.

Отансыз жер барма,Отансыз сән барма

**Қасиет**. Көк байрағым - айбыным,
**Айдай.** Көк байрағым - өлеңім,
мәңгі жырлай беремін!!

**1-бала. Елтаңбасы елімнің**

**Неткен әйбат әдемі**

**Тұнығындай көңілдің**

**Ортада аспан әлемі**

**Тәрбиеші**:Тамаша балалар,біз бұлардың бәрін неге қозғап жатырмыз.Себебі біз осылармен мақтанамыз.Осындай елде емін-еркін өмір сүріп жатырмыз.Әрине тәуелсіздігіміздің арқасында.Ендеше экранға назар аударайық.Тәуелсіздік туралы видеоролик көрейік.

Қазір біздің еліміз тыныш, жақсы өмір сүріп жатырмыз. Тәрбиеші: Балалар осы ағаларымыз бен тәтелеріміздің есімін ұмытпауымыз қажет.Олардың есімі біздің мәңгі жүрегімізде болады.

**Күтпеген сәт**:Есіктің сыртынан жылаған баланың даусы естіледі

**Тәрбиеші:** Бұл кім болды екен?

Топқа жылаған қыз кіреді

**Тәрбиеші**:Саған не болды? Неге жылайсың?Жылама,айта ғой,біз саған көмектесеміз?

**Қыз:** Менің басым қатып кетті.Мұғалім қиын тапсырма беріп еді.Соны орындай алмай отырмын.Мына пазлыны пайдаланып,Қазақстанның туын жасап әкел және сол ту жайлы тақпақ айтасың деп еді.Тақпақты жаттадым,ал туды жасай алмадым,көмектесіңдерші маған?

**Тәрбиеші**: Сен мұңайма,біздің балалар көмек сұрағанға қол ұшын беруге дайын.Қазір-ақ сенің туыңды жасап береміз.

**Дидактикалық ойын: «Дұрыс орналастыр»**

Мақсаты:Үлгі суретке қарап,пазлыны дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру.

**Қыз:**Алақай! Менің туым дайын болды.Енді мен тақпағымды да айтамын,туымды да жасадым.

**Көк аспанда көкпеңбек**

**Қазақстан жалауы.**

**Көк емес ол тектен тек,**

**Елдің ашық қабағы.**

**Тәрбиеші**: Қане қолыңа туыңды алда,мұғалімге барып тақпағыңды айтып,балалармен бірге жасаған туыңды көрсете ғой.

**Қыз рахметін айтып қоштасып кетеді.**

**Тәрбиеші:** Сонымен балалар біздер бүгінгі оқу қызметінде Отанымыз Қазақстан туралы,Қазақстан Республикасының рәміздері жайлы әңгімелестік.Тәуелсіз елде тату-тәтті өмір сүрейік деген ниетпен бүгінгі оқу қызметімізді аяқтаймыз.

Бүгінгі оқу қызметке жақсы қатысқандарың үшін барлықтарыңа көңілді сыйлығымды таратамын.

























"Мен -елімнің
Патриотымын!"
Танымдық сағат
13.12.2024ж
"Балдәурен"тобы